



—



## 4

### Менің атам мен әжем

- Артикуляциялық жаттығу
- Саусақ жаттығуы
- Көз жаттығуы

Ақылды баламыз,  
Айтқан тілді аламыз.  
Үлкендерді құрметтеп,  
Олардан алғыс аламыз.



#### Кел сөйлесейік...

**Мақсаты:** «менің атам мен әжем» тақырыбы бойынша өтетін сөздерді сөйлеуде дұрыс пайдалана білу. Жаңа сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Тақырып төңірегінде сөйлей білу.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы:** балалар, біз бүгін өзімізге ең жақын, ең қымбат адамдар –атамыз бен әжеміз туралы әңгімелейміз. Атамыз бен әжемізді жақсы көруді, сыйлауды, оларға көмектесуді үйренеміз.

Ойын. «Ата мен бала»

Жұптық жұмыс.

Сұрақтарға жауап беріндер.

- Ата, сәлеметсіз бе?
- Сәлемет пе, балам.
- Хәліңіз қалай?
- Жақсы, рақмет.
- Үйде кім бар?
- Үйде әжем бар.





- Әжең не істеп отыр?
- Әжем кітап оқып отыр.
- Ата, мен балабақшаға барамын.
- Бар, айналайын.

Педагог жұмыс дәптеріндегі сурет бойынша сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға жауап береді. Менің атам мен әжем қандай?

*Педагогтің міндеті:* балалардың әрекетін мадақтауы қажет.

*Қажетті құралдар:* көрнекілік суреттер, жұмыс дәптері.

### Менің әлемім

*Мақсаты:* ата, әжесі туралы әңгімелеуге үйрету.

*Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы:* балалар суретті әңгімелеу арқылы атасы мен әжесін сыйлауға, оларға қамқор болуға үйренеді.

«Сенің атаң мен әжең қандай? Олармен қалай уақыт өткізген ұнайды?»

– Сенің атаң қандай? (Менің атам өте мейірімді, ол менімен серуенге шығады.

– Әжеңді сипаттап берші. (Менің әжем маған көп ертегі оқып береді.)

*Педагогтің міндеті:* балаларға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесуі керек. Балалардың әрекетіне қарай мадақтауы қажет.

*Қажетті құралдар:* көрнекілік суреттер, жұмыс дәптері.

### Ертегі әлемі

«Бауырсақ» ертегісі.



### Сергіту сәті

Ал, балалар, келіңдер,  
Бой жазайық бәріміз.  
Мойнымызды бұрамыз,  
Қолымызды созамыз.  
Аяқтармен топ-топ басып,  
Орнымызға барамыз.

### Өзіміз жасаймыз

*Мақсаты:* балалардың вербалды, вербалсыз өзіндік сөйлеуін, іс арқылы өзін көрсетуін және логикасын жетілдіру.

*Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы:* жапсырма жасау арқылы балалардың ойлау қабілеті, шығармашылық қабілеті дамиды. Өз бетінше көркемдеп үйренеді. Педагог жұмыс барысында баланың логикасын, өзіндік сөздік қорын, қоршаған ортаны қабылдауын бақылап көреді. Атасының суреті салынған қағазға мақтадан шашын, қасын, мұртын жабыстыру арқылы өзінің туындысын жасайды.



*Педагогтің міндеті:* балаларға тапсырманы орындауға мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесу. Баланың әрекетін мадақтауы қажет.

*Қажетті құралдар:* атаның суреті салынған қағаз, желім, мақта.

### **Сызықты жалғастырып сыз**

*Мақсаты:* балалардың зейінін шоғырландыру, байқампаздыққа, жинақылыққа дағдыландыру. Саусақ моторикасын дамыту.

*Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы:* балалар бейнелердің жолын ауада бейнелейді. Үзік сызықтарды бастырып жазады.

*Қажетті құралдар:* жұмыс дәптері.

Сергіту сәті



### **Пішіні, көлемі, түсі**

*Мақсаты:*

*Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы:* балалар иллюстрацияға қарап әңгімелейді.

– Суретте тәуліктің қай бөлігі бейнеленген? (Күндіз)

– Балалар не істеп жүр? (Ойнап жүр)

– Мына суретте қанша бала бар? Көп пе, аз ба? (Көп)

– Ал мына суреттен балаларды көріп тұрсындар ма? (Жоқ)

Балалар дәптердегі сурет бойынша жауап береді.

*Педагогтің міндеті:* балалардың әрекетіне қарай мадақтауы қажет.

*Қажетті құралдар:* жұмыс дәптері.

### **Ойнайық, ойлайық**

*Мақсаты:* балаларды шапшаңдыққа, жинақылыққа дағдыландыру. Балалардың сипап сезу қабілетін дамыту.

*Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы:* балалар ойыншықтарды көлемі бойынша табады. Балалар кезекпен дорбаға қолдарын салып, ұстап, сипап сезу арқылы заттың атын атайды.

Мысалы: мұнда кішкентай ойыншық көлік бар. Көлікпен көбіне ер балалар ойнайды. Көліктің дөңгелектері болады. Көліктердің түрлері көп. Олар жүк көлігі немесе жеңіл көлігі сияқты түрлері бар.

*Педагогтің міндеті:* балаларға тапсырманы орындауға көмектесуі керек.

Балалардың әрекетін мадақтауы қажет.

*Қажетті құралдар:* дорба, ойыншықтар.

*Күтілетін нәтиже:* балалар педагогтің сұрағына өз эмоциясымен жауап береді. Қоршаған ортаға деген көзқарасы кеңейеді. «Болады», «болмайды» ұғымын түсінеді, жақсы-жаманды ажыратады. Тәулік бөлігі – күндізді ажыратады. Саусақ моторикасы дамиды. Ойы, логикасы дамиды.